Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Тауарларды сатып алу туралы шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ атынан _____, негізінде қызмет ететін _____ _____, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар ««Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді. Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді. • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Аталған Шарттағы төмендегі ұғымдар келесі түсіндірмеге ие болады:

1.2.1. «Шарттың жалпы құны» Тапсырыс берушінің Өнім берушіге Шарт аясында Ілеспе қызметтерді, Қазақстан Республикасының заңнамасы қарастырған салықтар мен бюджетке өзге міндетті төлемдерді ескере отырып келісімдік міндеттемелерді толық және сапалы орындағаны үшін төленетін құнды білдіреді;

1.2.2. «Ілеспе қызметтер» орнату, тасымалдау және өзге де қосалқы қызметтер сияқты Тауарлардың тасымалдануын қамтамасыз ететін қызметтерді білдіреді.

1.2.3. «Тауарлар» Шарттың №1 және №2 қосымшаларда көрсетілген тауарлық-материалдық құндылықтарды білдіреді;

1.2.4. «Қор» - «Самұрық-Қазына» АҚ;

1.2.5. «Бастапқы бухгалтерлік құжаттар» – қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жасалған және осы Келісім бойынша Тауарлардың жеткізілгенін растайтын қағаз және/немесе электрондық түрдегі құжаттар. Осы Келісім бойынша бастапқы бухгалтерлік құжаттарға қабылдау-тапсыру сертификаттары мен жеткізу жазбалары кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

1.3. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда айтылған жағдайлар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1.3.1. осы Шарт;

1.3.2. сатып алынатын Тауарлардың тізімі - Шартқа №1 қосымша;

1.3.3. тауардың техникалық сипаттамасы - Шартқа №2 қосымша;

1.3.4. жеткізілетін тауардағы елішілік құнды есептеу нысаны - Шартқа №3 қосымша;

1.3.5. тауарды қабылдау -тапсыру актісінің формасы / ұзақ мерзімді активтерді қабылдау -тапсыру актісінің формасы - Шартқа №4 қосымша;

1.3.6. қорларды тарапқа жіберуге арналған жүккұжат формасы (бұдан әрі – Жүккұжат) – Шартқа № 5 қосымша;

1.3.7. төлем/инвойс шотының формасы (бұдан әрі – Бейрезиденттер үшін) – Шартқа №6 қосымша;

1.3.8. Электрондық шот-фактура формасы - Шарттың №7 қосымшасы;

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген Шарттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қолданылатын салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қамтиды.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.3. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.4. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.5. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші шарт жасалған және өнім беруші алдын ала төлеуге шот берген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, бұл аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.6. Шарттың жалпы сомасының 30%-ы мөлшеріндегі аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші Шарт жасалған күннен және Өнім беруші алдын ала төлемге арналған шотты ұсынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей жүзеге асырады. Ұзақ мерзімді сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге ұзақ мерзімді Шарттың қолданылуының келесі 12 (он екі) айында Тауарды жеткізуге көзделген соманың 30%-ы мөлшерінде аванстық төлем аударады. Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлемге арналған шотты ұсынбаған жағдайда, мұндай аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.7. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдап алу-тапсыру актілері) қол қойған және келесі құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.7.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.7.2. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының талаптарына сәйкес жазып берілген шот-фактуралар/инвойстар;

2.7.2.1. Шот-фактураны Өнім беруші ресімдеу кезінде: - «Алушы» жолында мынадай деректемелер көрсетілсін: BCH 140340010451 «ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Нұра р-н, Қабанбай батыр даңғылы 17 ғимарат, н.п.16 , KZ546010111000193945, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның банкінде. БСК HSBKKZKX - «Жүк алушы» деген жолда мынадай деректемелер көрсетілсін: BCH 180541015056, «ҚМГ Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Атырау филиалы ". Қазақстан Республикасы, 060097, Атырау облысы, Атырау қаласы, Нұрсая шағын ауданы, Елорда,даңғылы 10 құрылыс. «Қазақстан Халық Банкі» АҚ банкінде ИИК KZ696010141000042402 БСК HSBKKZKX

2.7.3. Қабылдау-беру актісінің орнына ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-беру актісі қажет болған жағдайда;

2.7.4. Жүккұжат;

2.7.4.1. "Жүккұжатты ресімдеу кезінде (Шартқа №5 қосымша) Өнім беруші "Алушы" жолында "ҚМГ Инжиниринг" ЖШС Атырау филиалын көрсетуі тиіс.

2.7.5. пайдалануға беру актісі (тауарды пайдалануға беру қажет болған жағдайда);

2.7.6. Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі түпкілікті Қабылдау-тапсыру актісімен бірге тапсырылады.

2.8. Төлем бұрын төленген аванстық төлем (алдын ала төлем) толық есепке алынғаннан кейін жүзеге асырылады.

2.9. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды Қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Акт (актілер) Ұлттық тауарлар каталогынан тауардың жеке кодын (kztin) қарастыруы қажет. Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауы тиіс.

2.10. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.11. Тапсырыс беруші Өнім берушіге төленуге тиіс сомадан есептелген айыппұл санкцияларының сомасын ұстап қалуға құқылы.

2.12. Салықтар және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленеді.

2.13. Шарттың жалпы сомасы ИНКОТЕРМС 2020 (DDP) талаптары бойынша жүзеге асырылатын Тауарды жеткізуді, сондай-ақ Тауарды тасымалдау мен сақтандыруға арналған шығындарды, кедендік баждарды және Қазақстан Республикасының бюджетіне төленетін барлық қолданылатын салықтар мен өзге де міндетті төлемдерді қамтиды.

2.14. Тараптардың мекенжайы, электрондық пошта мекенжайы, телефон нөмірлері немесе банктік және өзге де деректемелері өзгерген кезде, әрбір Тарап осындай өзгерістер туралы екінші Тарапты жазбаша түрде дереу хабардар етуге міндетті. Аталған хабарлама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және оны алған күннен бастап немесе хабарламада көрсетілген күшіне ену күні басталған сәттен бастап (қайсысы кешірек болса) қолданысқа енгізіледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.15. Өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай әрекет ететін және Ілеспе қызметтер көрсететін жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші инвойсты (төлемге арналған шотты) және Шарттың 5.10 және 5.11-тармақтарында көзделген құжаттарды ұсынғаннан кейін, жоғарыда көрсетілген Шарт талаптарына сәйкес (шот-фактураны ұсыну талаптарын қоспағанда), төлем валютасы ретінде көрсетілген _____ валютасында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем күніндегі айырбас бағамы бойынша төлем жүргізеді. Бұл ретте, Өнім берушіге аванстық төлем (алдын ала төлем)/төлем келесі салықтар шегеріле отырып жүргізіледі: Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша Өнім берушіге табыс төлеу көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы; Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мөлшерлеме бойынша, егер мұндай ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, Қазақстан Республикасында тұрақты болатын деп танылатын Өнім беруші қызметкерлеріне табыс төлеу көзінен ұсталатын жеке табыс салығы. Сондай-ақ, Өнім беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде резиденттік елінде салықтық тіркеу нөмірі көрсетілген, резиденттік елінде бейрезиденттің салықтық тіркелгенін растайтын құжатты ұсынады (осы тармақ Өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.16. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының салық органдарында тіркелген тұрақты мекеме арқылы Ілеспе қызметтер көрсетілген жағдайда, Өнім беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме арқылы қызметін жүзеге асыратын бейрезидент салық төлеушінің куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынады және Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді өз бетінше төлейді (осы тармақ Өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.17. Өнім берушімен есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде Тараптар Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар және/немесе мәмілелер бойынша Өнім берушіге төленуге тиіс соманы өзара есепке жатқызу жүргізу арқылы төмендегі сомалар мөлшеріне азайтуға Тапсырыс берушінің құқығы бар екенін растайды және келіседі: – Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамауына және/немесе тиісінше орындамауына байланысты Тапсырыс беруші есептеген айыппұл санкцияларының және/немесе залалдардың сомасына; – Өнім берушіге бұрын төленген аванстар (алдын ала төлемдер) сомасына; – Өнім берушінің Тапсырыс беруші алдындағы өтелуге тиіс кез келген берешегінің сомасына.

3. Жеткізу мерзімдері мен талаптары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес мекенжай бойынша және мерзімінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауарды жеткізу күні болып Жүккұжатқа қол қойылған күн есептеледі. Тауарды қабылдау күні болып Тапсырыс берушінің Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күні есептеледі. Тауар Өнім беруші тарапынан Тапсырыс берушіге Шартқа №№1, 2 қосымшаларға сәйкес Тауарды қабылдау-тапсыру актісі/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісі және Жүккұжат негізінде саны мен сапасы бойынша беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу немесе бүліну тәуекелі Өнім берушіден Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісіне және Жүккұжатқа қол қойған күнінен бастап ауысады. Жеткізуге байланысты шығындар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Өнім беруші:

4.1.1. Өз өндірісіндегі Тауарды және Шарт талаптарына сәйкес жеткізуге міндетті;

4.1.2. Өнім беруші Тауарды Шарттың №№4, 5 қосымшаларында көзделген нысандарға сәйкес Тауарды қабылдау-тапсыру актісімен/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісімен және Жүккұжатпен тапсыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес рәсімделген шот-фактураны ұсынуға міндетті. Аталған барлық құжаттар Тауар жеткізілген айдан кейінгі айдың 1 (бірінші) күнінен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

4.1.3. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзімде және талаптарда жеткізілетін Тауарға құжаттарды, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) шарттағы елішілік құндылық үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті Қабылдап алу-тапсыру актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3.2. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен алынған үзінді.

4.1.3.3. Шарт бойынша алдыңғы күнтізбелік жыл ішінде жеткізілген Тауардың нақты көлемі (саны) бойынша ішкі құндылық үлесінің аралық есебі электрондық құжат түрінде (Веб-портал арқылы ұсынылады) беріледі. Аталған есеп Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрбір күнтізбелік жылдың 20 (жиырмасыншы) қаңтарынан кешіктірілмей ұсынылады (осы тармақша ұзақ мерзімді және ауыспалы сатып алу шарттары үшін қолданылады).

4.1.4. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.5. Ақаулы ведомость ұсынылғаннан кейін Өнім беруші сапасыз және/немесе Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Тауарды

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Тапсырыс беруші үшін қосымша шығындарсыз 10 (он) жұмыс күні ішінде ауыстыруға міндетті. Тауардың анықталған ақауына байланысты Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында келіспеушілік туындаған кезде, Тараптардың кез келгенінің талабы бойынша сараптама жүргізілуі мүмкін, ал оны жүргізуге кеткен шығындар қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті Тарапқа жүктеледі.

4.1.6. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімін алмай, Шарттың мазмұнын және/немесе оның кез келген ережелерін үшінші тұлғаларға ашуға жол бермеуге міндетті.

4.1.7. Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімін алмай, Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен немесе ішінара үшінші тұлғаларға беруге жол бермеуге міндетті.

4.1.8. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін кез келген мән-жайлар туындаған кезде, Өнім беруші мұндай мән-жайлар туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіні бұл туралы хабардар етуге міндетті.

4.1.9. Егер Өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, кедендік шекарадан өтудің алдын ала белгіленген күнінен кешіктірмей 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің электрондық ілеспе жүкқұжатын уақтылы және дұрыс толтыруы үшін Тапсырыс берушіге Тауар туралы ақпаратты және Тауарды жөнелтудің алдын ала күнін ұсынуға міндетті. Өнім беруші Тауарды жөнелтудің алдын ала күні туралы ақпаратты ұсынбауына/уақтылы ұсынбауына байланысты электрондық ілеспе жүкқұжатты ұсынбағаны/уақтылы ұсынбағаны үшін Тапсырыс берушіге айыппұл санкциялары салынған жағдайда, Өнім беруші жазбаша хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс беруші төлеген айыппұл санкцияларының сомасын өтеуге міндетті.

4.1.10. Егер Өнім беруші сатып алынатын Тауардың өндірушісі болып табылса, Өнім беруші өз өндірісіндегі Тауарды жеткізуге міндетті. Осы міндеттеменің орындалуын растау үшін Өнім беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қалыптастырылған Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзіндіні ұсынуға міндетті.

4.1.11. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Өнім беруші 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауарға бірдей және (немесе) біртекті тауарларға Өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге беру мүмкіндігін қарауға міндетті (оның ішінде белгілі бір күнге Өнім беруші қол қойған коммерциялық ұсыныстарды).

4.1.12. Тауарды жеткізу мерзімдеру бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда Тапсырыс берушіге нақты шеккен шығыстарын ескере отырып, Тапсырыс берушіге төленген аванстың (алғытөлемді) қайтаруға;

4.1.13. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау аясында ұсынуға;

4.1.14. Өнім беруші осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, сондай-ақ одан әрі ай сайын Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер туралы ақпаратты, олардың атауы, орналасқан жері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) және Өнім берушімен аффилирленгендік белгілерінің болуы туралы мәліметтерді көрсете отырып, Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Тапсырыс беруші түпкілікті бенефициарлық меншік иесінің оффшорлық аймақтарда тіркелуіне қатысты тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.15. Өнім беруші осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Шарт жасалған күнге қолданылатын салық салу режимі туралы ақпаратты Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті. Салық салудың басқа режиміне ауысқан жағдайда, Өнім беруші жаңа салық салу режимін қолдану басталған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге міндетті.

4.1.16. Өнім беруші өзінің салық салу режимі туралы ақпаратты ұсынбауына немесе уақтылы ұсынбауына байланысты Тапсырыс берушіге есептелген қосымша міндетті төлемдердің (оның ішінде салықтар, өсімпұлдар және өзге де алымдар) сомаларын, сондай-ақ келтірілген залалдарды өтеуге міндетті.

4.1.17. Тапсырыс берушінің талабы бойынша сұратылған кезеңдегі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға міндетті.

4.1.18. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін орындау барысында жіберген бұзушылықтары үшін толық жауапты болады және Өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуы нәтижесінде Тапсырыс берушіге уәкілетті мемлекеттік органдар салған, экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, салық салу, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі салаларындағы әкімшілік жауапкершілікке әкеп соққан барлық өндіріп алу сомаларын толық көлемде өтеуге міндетті.

4.1.19. Тауардағы ішкі құндылық үлесі туралы Тапсырыс берушіге ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік береді.

4.1.20. Мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де бақылау іс-шаралары барысында Өнім берушіге қатысты салықтан босату талаптарын қолдану мүмкін еместігіне байланысты төлем көзінен ұсталатын салықтан босатудың негізсіз қолданылғанын анықтаған жағдайда, Өнім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне

төленуге жататын барлық салықтар сомасын және өзге де қаржылық міндеттемелерді өтеуге міндетті. Тапсырыс беруші аталған мәнжайлардың туындау фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

4.1.21. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Өнім беруші белгіленген мерзімдерде Шарттың орындалуына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Өнім берушінің шаруашылық қызметіне қатысты қаржылық есептілікті ұсынуға міндетті.

4.1.22. Тауарды жеткізуді растайтын Актіні ресімдеу кезінде Өнім беруші жеткізілетін Тауарға сәйкестігі бар Ұлттық тауарлар каталогындағы (KZTIN) тауардың бірегей кодын көрсетуге міндетті.

4.1.23. Шартта, Тәртіпте және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден тауарды дер кезінде қабылдауды және Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Шартты, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша бұзуға;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Өнім беруші жеткізген Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға;

4.3.2. Өнім берушіден Тауарды Қабылдап алу-тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға міндеттенеді.

4.3.4. Өнім берушінің талабы бойынша сұратылған кезеңдегі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға міндетті.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген Тауарды тиісті мөлшерде және сапада алуға;

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы ведомоске сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта қарастырылған негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға;

4.4.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.5. Шарттың №№1, 2 қосымшаларында көзделген талаптарға сәйкес келмейтін Тауарды ауыстыруды талап етуге құқылы.

4.4.6. Өнім берушінің өндірістік қуаттарының, активтерінің және қаржылық тұрақтылығының болуын растайтын құжаттар мен өзге де ақпаратты Өнім берушіден талап етуге, сондай-ақ қажет болған кезде Өнім берушінің объектілерін барып тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

4.4.7. Тапсырыс беруші Тауарды жеткізуге байланысты Өнім берушінің іс-әрекеттерін олардың орындалуының кез келген кезеңінде немесе осы Шартты орындау барысында кез келген уақытта бақылауды жүзеге асыруға құқылы. Тапсырыс беруші осы Шарттың мәні болып табылатын мәселелер бойынша Өнім берушінің кез келген техникалық және өзге де ақпараттарына қол жеткізу құқығына ие.

4.4.8. Тапсырыс беруші Өнім берушіден Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Өнім берушінің шаруашылық қызметіне қатысты қаржылық есептілікті талап етуге құқылы.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарды оның техникалық сипаттамасына және Шарттың талаптарына сәйкестігіне тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 жұмыс күндері ішінде талап қояды. Егер Өнім беруші 5 жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым жеткізуші мойындаған болып саналады және жеткізуші

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өзінің тәуекелдері мен шығындары есебінен хабарламаны алған сәттен бастап 5 жұмыс күндері тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндетті.

5.4. Тауардың саны жеткіліксіз және сапасы талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған кезде, Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жеткізілмеген және сапасыз Тауардың бөлігін жеткізуге міндетті. Бұл ретте жеткізілмеген Тауар бөлігін жеткізу бойынша барлық шығындар Өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады. Өнім беруші Тауардың анықталған кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Тауардың құнын төлеуден бас тартуға құқылы.

5.5. Кемшіліктер Шарттың 5.4-тармағында белгіленген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен қолдануға, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға, сондай-ақ Өнім берушіден осындай бұзуға байланысты туындаған залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.6. Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындаған күннен кешіктірмей, Тапсырыс берушіге қол қою үшін «Самұрық-Қазына» АҚ электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі арқылы электрондық құжат нысанында Тауарды қабылдау-тапсыру актісін/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісін, сондай-ақ қажет болған жағдайда қағаз нысанда өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін және Накладнойды ұсынады. Наразылықтар болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне/ұзақ мерзімді активтерді қабылдау-тапсыру актісіне электрондық сатып алу ақпараттық жүйесі арқылы, ал Накладнойға қағаз нысанда қол қояды.

5.7. Тауарды пайдалануға енгізу қажет болған жағдайда, Өнім берушінің Тауарды тиісінше жеткізу жөніндегі міндеттемелері Тараптар Тауарды пайдалануға енгізу актісіне қол қойған күннен бастап орындалған болып есептеледі. Тауарды пайдалануға енгізу Өнім беруші тарапынан оның өз қаражаты есебінен, Тараптар келісілген мерзімдерде, бірақ осы Шарттың қолданылу мерзімінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

5.8. Тауардағы кемшіліктерге байланысты талаптарды Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау кезінде, сондай-ақ кейіннен, егер олар кепілдік мерзімі ішінде, ал Шартта кепілдік мерзімі белгіленбеген жағдайда — Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген өзге мерзім ішінде анықталған болса, ұсынуға құқылы.

5.9. Өнім беруші Тауардағы кемшіліктер үшін, егер Тапсырыс беруші аталған кемшіліктердің Тауарды Тапсырыс берушіге бергенге дейін пайда болғанын немесе осы уақытқа дейін туындаған себептердің салдары болып табылатынын дәлелдеген жағдайда жауапты болады. Өнім беруші кепілдік ұсынған Тауар бойынша Тауардағы кемшіліктер үшін жауап береді, тек егер кемшіліктер Тауар Тапсырыс берушіге берілгеннен кейін Тапсырыс берушінің Тауарды пайдалану немесе сақтау талаптарын бұзуынан, үшінші тұлғалардың әрекеттерінен немесе еңсерілмейтін күш әсерінен туындағанын дәлелдеген жағдайда ғана жауапкершіліктен босатылады. Тапсырыс беруші Шарт талаптарына сәйкес Өнім берушіден Тауардың кемшіліктерін (оның ішінде ақауларды, істен шығуларды және өзге де кемшіліктерді) өтеусіз жоюды немесе талапқа сай емес сападағы Тауарды Шарт талаптарына сәйкес келетін Тауармен ауыстыруды талап еткен жағдайда, Өнім беруші мұндай жоюды немесе ауыстыруды Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асыруға міндетті.

5.10. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай әрекет ететін Өнім беруші, Шарттың 5.11-тармағына сәйкес өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының аумағында 183 күнтізбелік күннен астам болғанын растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, Сүйемелдеу қызметтері көрсетілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 693-бабының 1 және 3-тармақтарына сәйкес мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті: Өнім беруші Қазақстан Республикасына жіберілген шетелдікпен немесе азаматтығы жоқ тұлғамен жасасқан еңбек шарттарының (келісімшарттарының) және (немесе) азаматтық-құқықтық шарттардың нотариалды куәландырылған көшірмелерін немесе Қазақстан Республикасына жіберілген Өнім беруші қызметкерлерінің табыстары туралы ақпаратты қамтитын өзге де құжаттарды. (Осы тармақ Өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қолданылады.)

5.11. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты мекеме құрмай әрекет ететін Өнім беруші ай сайын Сүйемелдеу қызметтері көрсетілген айдан кейінгі айдың 1-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының аумағына кіру және Қазақстан Республикасының аумағынан шығу фактілерін растайтын құжаттардың көшірмелерін, сондай-ақ Шарт бойынша Сүйемелдеу қызметтерін көрсетуге тартылған өз қызметкерлерінің есепті аймен аяқталатын кез келген қатарынан он екі айлық кезеңде (келу және кету күндерін қоса алғанда) Қазақстан Республикасының аумағында 183 күнтізбелік күннен аз (немесе одан көп) болғанын растайтын Өнім берушінің растауын ұсынуға міндетті (осы тармақ Өнім беруші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда қолданылады.)

6. Кепілдіктер мен сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциямен, материалдармен немесе жұмыспен байланысты ақаулары болмауын қамтамасыз етеді.

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдап алу-тапсыру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 ай ішінде белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауардың ақаулары немесе оның Шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, Өнім беруші өз есебінен Тапсырыс беруші тиісті талаптар қойған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күндері ішінде ақаулы Тауарды жаңасына ауыстыруға

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

міндеттенеді. Ауыстырылған Тауарға кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші көтереді.

6.4. Егер Тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен орын алса, онда кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

6.5. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қатысты үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтары, талаптары немесе ауыртпалықтары жоқ екеніне кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта көзделген талаптарға сәйкес белгіленген мерзімде Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімінен үзіндіні ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші өз өндірісіндегі Тауарды жеткізу жөніндегі міндеттемені орындамағаны үшін Шарттың жалпы сомасының 20%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Аталған айыппұл Өнім беруші мен Тапсырыс беруші арасында жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыруды растайтын тиісті қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғанға дейін Өнім беруші тарапынан төленуге тиіс. Сонымен қатар, Өнім берушінің осы міндеттемені орындамағаны анықталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Тапсырыс беруші растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Өнім берушіні Қордың тауар өндірушілері тізілімінен шығару үшін тиісті ақпаратты сатып алу мәселелері бойынша Қор операторына жолдайды.

7.2.2. Шарттың талаптарына сәйкс Тауарлардағы елішілік құндылықтың нақты үлесін есептеу ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді.

7.2.3. Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші "Самұрық-Қазына" АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметті енгізу үшін сатып алу мәселесі жөніндегі уәкілетті органға ақпаратты белгінеген тіртіппен жолдайды.

7.2.4. Өнім беруші Шартта белгіленген Тауарды жеткізу мерзімдерін негізсіз бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге уақтылы жеткізілмеген Тауардың жалпы сомасынан Тауарды жеткізу мерзімін кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ осы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.5. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін негізсіз сақтамаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған Тауарлардың құнынан әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ осы Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.6. Форс-мажорлық мән-жайларды қоспағанда, Өнім беруші өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан, орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізілуі тиіс болған, бірақ жеткізілмеген немесе тиісінше жеткізілмеген Тауар сомасының 10%-ы мөлшерінде әрбір осындай жағдай бойынша айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Өнім беруші Тапсырыс берушіге төлем жасау үшін Шарттың 5.6-тармағында көзделген, тиісті түрде ресімделген құжаттарды белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші құжаттарды ұсыну мерзімі бұзылған Тауардың құнынан әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде, бірақ осындай Тауар құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде Тапсырыс берушіге өсімпұл төлеуге міндетті.

7.3. Өнім беруші осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіні кез келген қолданыстағы және ықтимал міндеттемелерден, талаптардан, талап-арыздардан, сот дауларынан және өзге де талаптардан босатуға міндеттенеді. Өнім беруші Шартты орындау кезінде өзінің әрекеттері салдарынан немесе сол әрекеттерге байланысты туындауы мүмкін үшінші тұлғалардың талаптары, талап-арыздары немесе өзге де талаптары ұсынылған жағдайда, Тапсырыс берушіге келтірілген барлық залалдарды, оның ішінде шығындарды (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, сот шығындарын) өтеуге кепілдік береді. Бұл ереже мұндай залалдардың Тапсырыс берушінің қасақана заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде туындағаны сот тәртібімен анықталған жағдайларға қолданылмайды.

7.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талапты алған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Өнім берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуына байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар салған және өндіріп алған барлық сомаларды Тапсырыс берушіге өтеуге міндетті.

7.6. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.6.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) негізсіз кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.6.2. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірілген сомаға әрбір күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, алайда оның жалпы мөлшері Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.6.3. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге кешіктірілген сомаға әрбір күнтізбелік күн үшін 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, алайда оның жалпы мөлшері Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.6.4. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

7.7. Тапсырыс беруші Шарттың 7.6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ еңсерілмейтін күш (форс-мажор) мән-жайлары туындаған жағдайлардан басқа кезде, өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін, мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ы мөлшерінде Өнім берушіге айыппұл төлеуге міндетті.

7.8. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен Өнім беруші туралы мәліметтерді Қордың сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне енгізу үшін сатып алу жөніндегі Қор операторының атына ақпарат жолдайды.

7.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.10. Тауарды уақытылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдың (өсімпұлдың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

7.11. Тапсырыс беруші шоттардың дұрыс ресімделмеуінен туындаған төлемді кешіктіргені үшін жауапкершілік көтермейді және Өнім берушіге өсімпұл төлемейді.

7.12. Өнім беруші Шартты орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші келтірілген залал мен жіберіп алған пайданы өтеуді талап етуге құқылы.

7.13. Айыпақы (өсімпұл, айыппұл) төленетін Тараптың талабы бойынша келтірілген залал айыпақыдан (өсімпұлдан, айыппұлдан) тыс толық көлемде өтелуге тиіс.

7.14. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жүргізген және Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) осы Шарттың қолданылуы тоқтатылған (оның ішінде бұзылған) жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің алғашқы жазбаша талабы бойынша талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей алынған ақшалай қаражатты (жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді/тауарларды қабылдау актілерімен жұмсалғаны расталмаған бөлігін) қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшалай қаражатын заңсыз пайдаланғаны үшін қайтарылуға жататын соманың әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, алайда оның жалпы мөлшері осы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

7.15. Өнім беруші заңнама талаптарын сақтамауына байланысты, оның ішінде салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындамауына, сондай-ақ ҚҚС бойынша декларацияға қосымшаларда мәліметтерді уақтылы көрсетпеуіне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) уәкілетті тұлғалардың, сондай-ақ өзге де заңды және жеке тұлғалардың талап қоюларына, сот талап-арыздарына, айыппұлдарына, әкімшілік және (немесе) сот талаптарына байланысты Тапсырыс беруші шеккен барлық шығыстар мен залалды толық көлемде өтеуге міндетті.

7.16. Өнім беруші тиісті салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді уақтылы әрі дұрыс есептеуге, төлеуге, сондай-ақ салық есептілігін дұрыс жасап, оны салық органына уақтылы ұсынуға міндетті. Егер уәкілетті мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер жүргізу, сондай-ақ өзге де бақылау іс-шаралары шеңберінде осы Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулардың көрсетілмеуі (төленбеуі) не расталмауы фактілерін анықтаса, соның салдарынан Тапсырыс берушінің контрагенттеріне Қазақстан Республикасының бюджетінен қосылған құн салығы (ҚҚС) сомасының асып кетуін қайтарудан бас тартылған немесе салықтар мен бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдер қосымша есептелген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушінің осындай қосымша есептеу (бұзушылық) туралы және өтеуді (төлеуді) талап ететін тиісті хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде: қосымша есептелген төлемдердің, оның ішінде салықтардың, өсімпұлдардың және өзге де төлемдердің сомаларын Тапсырыс берушіге өтеуге; сондай-ақ Қазақстан Республикасының бюджетінен Тапсырыс берушінің контрагенттеріне қайтарудан бас тартылған ҚҚС сомасына тең мөлшерде біржолғы айыпақы төлеуге міндеттенеді. Өнім беруші осы тармақ бойынша өзінің әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де, сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға өзі тартқан қосалқы мердігерлердің (қосалқы өнім берушілердің), жұмыскерлердің, агенттердің және қызметкерлердің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін де жауапты болады, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысулардың расталмауына, Тапсырыс берушінің контрагенттеріне қосылған құн салығының қайтарылмауына, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың Тапсырыс берушіге салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеуіне әкеп соқса.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушіні таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда Сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға жол беріледі.

8.4. Тауарды сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты Шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс берушінің төтенше жағдайға немесе экономикадағы өзге де қолайсыз құбылыстарға байланысты шығыстары қысқарған жағдайда не алқалы атқарушы органның/байқаушы кеңестің шешімі негізінде (алқалы атқарушы орган/байқаушы кеңес болмаған жағдайда – Тапсырыс берушінің басқару органының/жоғары органының (қатысушылардың жалпы жиналысының) шешімі негізінде), сондай-ақ өндірістік қажеттілік болмаған кезде жол беріледі. Тауарды сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Өнім берушінің іс жүзінде шеккен шығыстары өтелген жағдайда жол беріледі.

8.5. Сатып алуда "Самұрық-Қазына" АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіген Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

